



Рухани жаңғыру

# Ыбырай Алтынсарин атындағы мұражай ашылды

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қаламызда тағы бір мұражай ашылды. Ы. Алтынсарин атындағы гимназия жанынан ашылған мұражайдың керме жібі салтанатты түрде қиылып, мәдени шара мерекелік бағдарламамен жалғасты.

Рухани жиынға қала әкімі Амантай КӘКІМБЕКҰЛЫ қатысып, өскелең ұрпақтың игілігі үшін жасалып жатқан шараның маңыздылығына тоқталды.

– Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында, «Туған жер» бағдарламасын іске асыру мақсатында өткен тарихымызды құрметтеп, мәңгі есте сақтау үшін мектептер жанынан музей ашу қолға алынып отыр. Соның Алтынсарин атындағы мұражай ашылғалы отыр. Ы. Алтынсарин бүкіл өмірін қазақ даласында бала оқыту мен мектеп ашуға арнады. Оның өлеңдері мен әңгімелері қазақ жастарына тәлім – тәрбиелік мақсатта жазылды. Өмірде сарқылмас байлық білім екенін, оған қол жеткізу үшін ерінбей, жалықпай еңбектену қажет екенін түсіндірді.Қымбатты оқушылар, сіздер Ыбырай есімін әркез қастерлеп, оқуда биіктен көріне берулеріңізге тілектеспін,-деген қала әкімінің сөзін, Ыбырайтанушы, ақын, ф.ғ.к. Серікбай ОСПАНҰЛЫ жалғап, ағартушы бабамыздың ерен еңбегі жайында әңгіме өрбітті. Гимназия оқушылары Ыбырай АЛТЫНСАРИННІҢ тағылымды рай АЛТЫНСАРИН мұражайының керме жібін қала әкімі Амантай БАЛҒАРИН мен Ыбырайтанушы Серікбай ОСПАНҰЛЫ салтанатты түрде қиып, жиылғандар музейдің құнды дүниелеріне көзайым болды. Мұражайдан ұлт ағартушысының өмір тарихы, ел үшін сіңірген ерен еңбегі, мұраттас достары, гимназияның тынысы жайлы ақпарат алуға болады. Мәдени орынның төрінде Ыбырай АЛТЫНСАРИННІҢ шәкірттерінің ортасында түскен мүсіні орналасқан. Сонымен бірге келушілер ағартушы атындағы білім ордасын үздік бітірген түлектер жайында толық ақпарат алып, «Алғыс кітабына» өз лебіздерін қалдыра алады. Рухани шара гимназия өнерпаздары дайындаған кон-